



**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қазан, 2019 жыл

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«НАСЛЕДИЯ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»**

17-18 октября, 2019 года

**MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
"HERITAGE OF HODJA AHMET YASSAWI AND TURKESTAN"**

17-18 october, 2019 year

Отыrap мемлекеттік археологиялық  
қорық-мұражайының этнография,  
әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар  
бөлімінің гылыми қызметкерлері

**ХАЛЫҚТАРДА СОМАКСЫЗДАУ АЛМАСЫНЫҢ АНАТОМИЯСЫ.**

Қазіргі кезде дәуір шындығын, заман ақиқатын қалпына келтіру кезеңінде ғасырлар  
көйнауынан жеткен көненің көзіндегі әрбір мұраларды бағалайтын республика көлемінде жүргізіліп  
жатқан мемлекеттік бағдарлама – «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы іспеттес, ұлт  
тарихынтаныстырытын «Рухани жаңғыру» болса, ал «Ұлы даланың жеті қыры» – арғы тектерін  
әлемге батыл ұрпақтарымен мақтануға насыхаттайтын төлкүжат. Бұған үздіксіз табылып жатқан  
археологиялық заттай ескерткіштерден бастап, күнде көзіміз көріп жүрген әдет-ғұрып, салт-  
дәстүрлердің рәсіміне дейін кіреді. Әйткенмен, бұл бағдарламалардың ең маңыздысы – ұлттың тілі,  
әмірдегі салт-дәстүрі, ұрпақтан-ұрпаққа көшкен саяси-құқықтық құндылықтары, адамдардың санасы  
мен ділінде темір қазықтай нық орнықкан, отан сүйгіштік ұстанымдары.

Халқымыздың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы айтқандай «Отан – адамның туып-өсken жері, атамекені, ел-жүрті, табиғат байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылышы, тіл, мәдениет, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған аумак», демек өз ұлттымымыздың қандай да бір өнерін зерттеп, зерделеу үрпак алдындағы міндегіміз[1]. Ал осындай ұлы тұлғаның қолы бос кезінде қағаздан қып, әртүрлі өрнек үлгілерін жасаумен әуестенгенін де екінің бірі біле бермейді. Сол сияқты халқымыздың қазынасы ою-өрнек өнерінің үлгілерін толықтыра түсуге өз үлестерін қосқан оюшы-шеберлер Ф.Иляев, С.Әзірбаев, С.Төленбаев, Ә.Нұрпеисов сынды өнерпаздардың ерен енбегі арнайы зерттеууді қажет етеді. Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Мәселен, өте ұсақ ою түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмак, кілем, текемет, түскиз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады. Ою-өрнек тұрмыстық заттармен қатар құлпытастарға да салынады. Ер адамға құлпытас тұрғызылса, оған ою-өрнекпен қатар қылыш, найза, айбалта, ұсталықпен айналысса, құрал-сайман суреттері қашалған. Ал әйелдерге құлпытас тұрғызылса, алка, сырға сияқты күміс әшекейлер, үкілі сәүкеле тағы да басқа заттар бейнеленген[2].

Ал, қазіргі қазак тіліндегі «ұста» сезінің қалыптасуы жөнінде екі түрлі пікір бар. К.Юдахин «ұста», «шебер» мағынасындағы иран сөзі (оста) десе, Л.Будаков ұстаның мағынасы парсы тіліндегі «остад», «устад», «ұстаз»-бен байланысты деп қарайды[3]. Сол сияқты, сөзге шешен адамды сөз ұстасы, сөз зергері, ағашшыны ағаш шебері, ағаш ұстасы, үйшіні үй қосушы ұста деп ұста сезін қосып айта береді. Ұста – әр түрлі металдан, темірден тұрмыста тұтынатын түрлі бұйымдар мен шаруашылыққа қажет құрал-саймандар, кару-жарап, т.б. жасайтын адам. Кейде ұстаны «темірші», «темір ұстасы» деп те атайды. Ертеректе ұсталарды кара ұста, ак ұста деп екі топқа бөлген. Қара ұста деп – темір, мыс, жез, т.б. металдарды өндайтін он саусағынан өнер тамган, темірден түйін түйген адамдарды атаған. Ал, ак ұста болса, кара ұстаның істейтін жұмыстарын түгел менгерген, әр түрлі қымбат бағалы (алтын, күміс, т.б.) металдар мен асыл тастандардан сан алуан нәзік, көркем бұйымдар жасайтын қолы қарықты, шебер адам. Темірші, ұсталарды ел ішінде ерекше қадірлеп, олардың тұтынатын төс, көрік, балға, қысқыш, т.с.с. саймандарын қасиетті деп санаған.

Соңғы кездерге шейін ант бергенде кеудесіне төс ұру, төске тәу ету (алақанымен төсті басып, қолын ерніне тигізіп, мандайын сипау) салты сақталып келеді. Аузы уылған (немесе ойылған стоматит, стоматомикоз) жас баланы, ересек адамды төстің бетіне жиналып қалған темірдің қағын (окалина) уатып, аузына сеуіп емдейтін. Қазақ ұсталары «ит тиғен» (шошынып ауырган) баланы ұста дүкеніне алып келіп, ішіне су құйған жez легенді баланың басынан сәл жоғары ұстап тұрып, қорыған қорғасынды легендегі суға шар еткізіп құйып жіберіп емдеген, бұл ел арасында «корықтықпен» емдеу деп аталаған кеткен емнің бір түрі. «Ақ ұста», кейін «зергер» деп аталаған кеткен ұсталар тобы көбінесе алтын, күміс сияқты қымбат бағалы металдар мен тастанды қолданып, өте нәзік зергерлік бұйымдарын әзірлеген. «Зергер» парсы тілінен ауысқан әзәргәрә сөзі. Парсы тіліндегі алтыннан, күмістен сұрып, соған жінішке сымды «зәр» дейді. Халық арасында зергерлер өте жоғары құрметке ие болып, елдің сүйекті адамы саналған:

Корқақ ер болмайды, Қола зер болмайды, - деген халық арасында айтылып жүрген сөздерге қарап, елдің зергерлер мен зергерлік өнеріне немкұрайды қарамағандығын аңғарамыз[4].

Ал енді осы ақ ұсталардың қолынан шықкан зергерлік бұйымдардың бірі түймелерге тоқталар болсақ: түйме – ішінде сылдырмағы бар, үлкендігі жұдырықтай омырау әшекейі, әр киімнің алдын (өнірін) айқастырып жабу үшін қолданатын зат. Ретіне қарай түйме тұмар қызметін де атқарған[5]. Үлкенді-кішілі алуан түрлі түймелер баскиімдерге, қамзолга, кейлекке тігіледі. Олар шар, конус, тамши, күмбез, сүйір, доғал, гүлшоғы секілді түрлі пішінде әдемілеп жасалған, өйткені жоғары талғамға сай үздік түйме үлгілері қымбат бағаланған және өзге де әшекейлер секілді үрпактан-үрпакқа мұра болып қалып отырған[6]. Киімнің жағасы мен өніріне, женіне қадалатын түймелер көлемі жағынан кішірек болады, өйткені ол түймеліктен өткізілгенде ғана киімнің екі бөлігін қаузырып, бекітіп тұрады. Түйменің астында жіппен қадауға арналған кішкентай тойнағы болады. Оны түйменің сабағы, түйменің көзі деп атаған. Зергерлер түйменің сабағын күмістен жасаған. Диалектімізде түймеге байланысты атаулар көп. Мәселен:

- көлеміне қарай ақтас (кішкене ақ түйме), бака түйме (кішігірім түймелердің жалпылама атауы), баспа, бастырма (үлкен түйме), седеп түйме (кішкене ақ түйме), шынықөз түйме (кішкене ақ түйме) деп аталады;
- жасалған материалына қарай алтын түйме (алтыннан соққан түйме; алтын түймені кейде сіркелеп әшекейлейді), жез түйме (түсі сары мыс түйме), күмбірлік бөліскейден (ертеректе поляк ақшасын қайта балқытып дайындаған күмістен) жасалған түйме, күміс түйме (таза күмістен соғылған түйме) деп айтылады;
- жасалу технологияны қарай бұрама күміс түйме (кумістен ширатып, есіп жасалған түйме), гауһар түйме (гауһар тасты түйме), маржан түйме (маржан тасты түйме; маржан, гауһар және т.б. асыл тастар күміс қауашаққа орнатылады), зерлі түйме (ою-өрнекті түйме), қарала күміс түйме (ою-өрнегі капказдау тәсілімен салынған түйме түрі (капказдау-кара ала жүргізу), торсылдақ түйме (асыл тасты үлкен түйме түрі), шар түйме (дөнес пішінді күміс түйме), күмбез түйме (кумбездеп жасаған, дөнес пішінді күміс түйме) деп аталады.

Түйменің киімнің омырауына сән беру үшін қадайтын, бірнеше буыннан тұратын күміс шыңжырлы үзбелі түйме, кимешекке қадайтын күміс түйменің түрін шытырма, тұмар ретінде тағатын күмісті көз түйме деп атайды. Аталған түйменің түрлері киімді қаузыруға емес, сәндік үшін және көз тимесін деген мақсатпен тағылған. Кейбір аймақтарда түйменің ұғымында топшы, жабысқақ, бөпіке, тиек, ілгек тәрізді жергілікті атаулар қолданылады[7].

Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насиҳаттаған. Сұлулықты сүйген халық жүргегі нәзік, таза, ақжарқын, қайырымды болған. Міне, ғасырлар бойы бабаларымыз ешкімнің ала жібін аттамаған, сырт елге соғыс ашпаған. Қайта басқа елге қамқор болған. Сол қамқорлық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Халқымыз ата-баба дәстүріне, салтына, мәдени мұраға адалдықпен қараган. Қаншама алапат соғыс, құғын-сүргінді бастан өткерсе де атадан қалған киелі жәдігерді шамасы келгенше тастамаған[8]. Соның айғагы қазіргі таңдағы жер-жерлерлегі мұражайлардағы сақтаулы жәдігерлер деп айтуға болады. Осындай мұражайдың бірі, жергілікті өлкенің шежіресі мен тарихын, рухани мұрасын жинақтап, сақтап жүртшылыққа насиҳаттап отырған қазына ордасы – Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында орналасқан қорық-мұражайды айтуға болады. Оның қорында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпышын, тұрмыс-тіршілігін насиҳаттайтын құнды жәдігерлер жинақталған. Солардың ішінде зергерлік әшекей – түймелер туралы айтар болсақ, XIX-XIX ғасырға тән күміс түйме беткі бөлігіне қазақша жартылай мүйіз өрнегі шекіме әдісімен түсіріліп, айналасы көртілген. Артқы бөлігіне баулық дәнекерленген; ал XIX-XX ғасырға тән музей жәдігерлерінің көшпілігінде зооморфтық өрнектер түсікен, мысалы, күмістен жасалған бірнеше түймелерге тоқталар болсақ; 750 сынамалы күміс жүзіктің бетіне қарала (капказдау-кара ала жүргізу) жүргізу арқылы жапырақ текстес өрнек түсіріліп, ортасы сіркеленсе; 960 сынамалы күміс түйме сопақ шар пішінді және бір басында тойнақты «мойны» бар. Түймені шекіме әдісімен өсімдік текстес өрнекпен әшекейлеген; 600 сынамалы күміс түйменің ортасына төрт құлақты гүл, оны айналдыра қошқар мүйіздің жоғарғы бөлігі және де күн бейнесі көртілген; сонымен қатар айналымда жүрген күміс тенгелерге де баулық дәнекерлеу арқылы түйме ретінде пайдаланған, мысалы хижра санауы бойынша 1328 жылы (1904жыл) Иранда соғылған тенгеден жасалған түйме ні алатын болсақ: тенгенің аверсінде шенбер ішінде жазу жазылған, жазуы жақсы оқылмайды. Тек жоғарғы жағында «Шаһ қаһар...» дегені оқылады, жазуды айналдыра он жағында бір-бірімен сабактасқан жеті жапырақ және сол жағында бір-біріне сабактасқан жеті гүл салынған. Гүл мен жапырақ сабактары астынғы жағында бір-біріне байланған. Жоғары жағында тәж салынған. Реверсінде гүл, жапырақ және тәж

қайталаңады. Бірақ ортасында қылыш ұстаған арыстан, оның үстінен шығып келе жатқан күн салынған елтаңба соғылған. Елтаңба астында «Ду қиран» деген жазу бар. Бұл, сірә, тенгенің номиналы болса керек. Гүл мен жапырақ сабактары байланған жердің астында «1328» деп тенгенің соғылған жылы көрсетілген. Баулық нақ осы елтаңбаның үстінен дәнекерленген; XX ғасырдың 30 жылдары соғылған тенге-түйме, 1922 жылы шықкан 50 тиын. Ортасында бесжұлдыз бедері, жан-жағында бидай бейнесі зерленіп, бидайдың ішкі және сыртқы бөлігіне айналдыра сіркеленген, ұралы алтынның 2 бөлшегі мен 10,5 сл таза күмістен жасалған. Міне, осылай түймелерге сипаттама жасай беруге болар еді, бірақ олардың жалпы саны 49 дана, соның ішінде бағалы металдан соғылғандары 16 дана.

Ата-бабамыздың қалдырган бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық жауап беретін туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терең астаскан сайын оның өрбіп өскен жапыракты бұтақтары да жаңа заманның рухынан нәр алып, сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайықты мазмұн мен мағына беруі тиіс. Демек, әр өнер шеберінің қолынан шықкан туынды ата-бабадан қалған мәдени мол мұрадан нәр алып, жаңа өмірдің жаңа талабына сай жаңаша жырлауы керек. Қай мамандықтың зерттеушісі болмасын, ескі тарихи мұралардың негізіне сүйенбесе, оның енбегі де, туындылары да іргетассыз салынған үймен тен, ондай туындының өмірі ұзак болуы мүмкін емес. Сонау ескі өмір дүниесінің біздің заманымызға дейін жібі үзілмей келе жатқан ою өнерінің тарихын зерттеушілер. Әрі майталман шеберлер Н.Тайманова, Л.Ходжикова, Ф.Иляев, Р.Сәрсенбай, С.Әзербаева, Ә.Кастеев, Ж.Арыстанова, А.Бәсенова, С.Төленбаев, К.Кудасов, Т.Басенов, С.Қасиманов, К.Ибраева, М.Өмірбекова, З.Ақайқызы сияқты суреткерлердің ж.т.б. есімдерін мактанашибен атап өтуімізге болады. Бұл аталған суреткерлеріміздің есімдері еліміздің мәдени тарихында өздерінің тиісті орнын алып, еңбектері жарық көріп келеді[9].

## ТҮЙІН.

Қазак халқының жер жүзінің көп халықтарынан ерекше көрсететін қасиеті – ол мәдениеті мен өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі. Халқымыздың қасиетті қолөнері атадан балаға ауыса отырып, өте жақсы дамыған күрделі өнер. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бірегей бұйымдарды өте үлкен талғаммен жасалған өнер туындылары деп бағалаган жөн. Өйткені көптеген халықаралық көрмелер мен байқауларға, өнер фестивальдары мен форумдарына қолөнер туындыларын қойып, байқағанымыз біздің қолөнеріміз әлем халықтарының қолөнерімен терезесі тен, тіпті кейбір тұстарда көп елден шоктығы биік тұр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Дүниеде қазак деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы мен әдет-ғұрпы да – жалпы қазақ бірдей тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп жаруға келмейтін ортақ қазына», сондыктan бөліп жаруға келмейтін ортақ қазынамызды өшірмей келер ұрпаққа ұсыну баршамызға сын.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабадан қалған асыл сөз. Алматы. «Раритет» 2015жыл-1576.-1596.
2. Қазақтың ою-өрнектері. Ш.Байділдаұлы. Алматы.Өнер баспасы. 2006жыл-9бет.
3. Н.Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақстан.А.1974.256.
4. Қазақтың қолөнері. Дәркембай Шоқпарұлы.Алматы «Өнер». 2005жыл-156.-9бет.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматықітап баспасы-2011ж.-3546.
6. Қазақтың зергерлік өнері. Алматықітап баспасы-2011ж.-1116.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. №5. Ө-Я. 5386.
8. Қазақтың ою-өрнектері. Ш.Байділдаұлы. Алматы.Өнер баспасы. 2006жыл-106.
9. Қазақ халқының ою-өрнегі. Алматы «Өнер». 2002 жыл-116.

қайталаңады. Бірақ ортасында қылыш ұстаган арыстан, оның үстінен шығып келе жатқан күн салынған елтанба соғылған. Елтаңба астында «Ду қиран» деген жазу бар. Бұл, сірә, тенгенің номиналы болса керек. Гүл мен жапырақ сабактары байланған жердің астында «1328» деп тенгенің соғылған жылы көрсетілген. Баулық нак осы елтаңбаның үстінен дәнекерленген; XX ғасырдың 30 жылдары соғылған тенге-түйме, 1922 жылы шықкан 50 тыын. Ортасында бесжұлдыз бедері, жанжагында бидай бейнесі зерленіп, бидайдың ішкі және сыртқы бөлігіне айналдыра сіркеленген, үралы алтынның 2 бөлшегі мен 10,5 сл таза күмістен жасалған. Міне, осылай түймелерге сипаттама жасай беруге болар еді, бірақ олардың жалпы саны 49 дана, соның ішінде бағалы металдан соғылғандары 16 дана.

Ата-бабамыздың калдырган бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық жауап беретін туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терен астасқан сайын оның өрбіп өсken жапыракты да жаңа заманның рухынан нәр алып, сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайыкты мазмұн мен мағына беруі тиіс. Демек, әр өнер шеберінің қолынан шыққан туынды ата-бабадан қалған мәдени мол мұрадан нәр алып, жаңа өмірдің жаңа талабына сай жаңаша жырлауы керек. Қай мамандықтың зерттеушісі болмасын, ескі тарихи мұралардың негізіне сүйенбесе, оның енбегі де, туындылары да іргетассыз салынған үймен тен, ондай туындының өмірі ұзақ болуы мүмкін емес. Сонау ескі өмір дүниесінің біздің заманымызға дейін жібі үзілмей келе жатқан ою өнерінің тарихын зерттеушілер. Әрі майталман шеберлер Н.Тайманова, Л.Ходжикова, Ф.Иляев, Р.Сәрсенбай, С.Әзербаева, Ә.Кастеев, Ж.Арыстанова, А.Бәсенова, С.Төленбаев, К.Кудасов, Т.Басенов, С.Қасиманов, Қ.Ибраева, М.Өмірбекова, З.Ақайқызы сиякты суреткерлердің ж.т.б. есімдерін мактандышпен атап өтуімізге болады. Бұл аталған суреткерлеріміздің есімдері еліміздің мәдени тарихында өздерінің тиісті орнын алып, еңбектері жарық көріп келеді[9].

ТҮЙИН.

Казак халқының жер жүзінің көп халықтарынан ерекше көрсететін қасиеті – ол мәдениеті мен өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі. Халқымыздың қасиетті колөнері атадан балаға ауыса отырып, ете жақсы дамыған күрделі өнер. Халық шеберлерінің қолынан шыккан бірегей бұйымдарды өте үлкен талғаммен жасалған өнер туындылары деп бағалаған жөн. Өйткені көптеген халықаралық көрмелер мен байқауларға, өнер фестивальдары мен форумдарына колөнер туындыларын қойып, байқағанымыз біздің колөнеріміз әлем халықтарының колөнерімен терезесі тен, тіпті кейбір тұстарда көп елден шоқтыры биік түр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Дүниеде қазак деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы мен әдеп-ғұрпы да – жалпы қазаққа бірдей тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп жаруға келмейтін ортақ казына», сондықтан бөліп жаруға келмейтін ортақ қазынамызды өшірмей келер үрпакқа ұсыну баршамызға сын.

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Бабадан қалған асыл сөз. Алматы. «Раритет» 2015жыл-1576.-1596.
  2. Қазактың ою-өрнектері. Ш.Байділдаұлы. Алматы.Өнер баспасы. 2006жыл-9бет.
  3. Н.Оңдасынов. Парсыша-қазакша түсіндірме сөздік. Қазақстан.А.1974.256.
  4. Қазактың қолөнері. Дәркембай Шокпарұлы.Алматы «Өнер». 2005жыл-156.-96.
  5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматықітап баспасы-2011ж.-3546.
  6. Қазактың зергерлік өнері. Алматықітап баспасы-2011ж.-1116.
  7. Қазактың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. №5. Ө-Я. 5386.
  8. Қазактың ою-өрнектері. Ш.Байділдаұлы. Алматы.Өнер баспасы. 2006жыл-106.
  9. Қазақ халқының ою-өрнегі. Алматы «Өнер». 2002 жыл-116.